

С.Оразалин ЖОББ мектебінде 5 «ә» сыныбы бойынша 2023-2024 оқу жылында жүргізілген жұмыстарға талдама

С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі 2023-24 оқу жылының басында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» негізге ала отырып үш құндылыққа бағытталған мектепішілік тәрбие жұмысының кешенді жоспары жасалды. Мектепішілік тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министірінің 2020 ж 6 сәуірдегі №130 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірлігінің 2023 ж 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы негізінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» тәрбие жұмысының жоспары бекітілді.

Жалпы тәрбие бағдарламасының мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді.

5 «ә» сыныбында 16 оқушы бар, оның 6-ы қыз бала, 10-ы ер бала. Сыныпта 4 үздік бар, 5 оқу екпіндісі, жалпы білім сапасы 57 пайызды құрайды.


Аталған бағыттар бойынша жоспарға сай төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

- 1-қыркүйек білім күніне «Мектеп –мейірім мекені» атты ашық тәрбие сағаты өткізіліп, мектепке деген сағыныш, мейірімділік құндылығы туралы талқыланды. «Отбасы бақыт мекені», «адалдық жан азығы», «Нашақорлық әлем дерті», «Қарты бардың қазынасы бар» атты тәрбие сағаттар өтілді. Отбасы күніне арналған іс-шаралар: Өзін, отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну; Қарттарды қадір тұту, қадірлеу, аялау оларды қолдау туралы түсіндіру; Адалдық жан азығы дейтініміз, оқушыларды адалдыққа, адал еңбек етуге, адал қызмет етуге тәрбиелеу;



2. Қазан айында «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар», «Өрт-тілсіз жау», «Күз ханзадасы мен ханшайымы», «Қазақстан-менің Отаным» тақырыбында тәрбие сағаттар өтілді. Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу. Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу, Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану. Аталған тақырыптарда Ұстазға арнап өлең шығару, құрмет көрсету, адам өміріндегі ең басты тұлға екендігін ұғыну, және Өрттің адам өміріне үлкен қауіп-қатер төндіретінін, зияны, одан аулақ болуға шақыру; Республика күніне байланысты оқушыларды патриотизмге баулу, жүрегіне Отанға деген сүйіспеншілік тудыру, өз еліне деген сүйіспеншілік;





3. Қараша айында «Адамгершілік құндылығы», «Ұлттық теңгемізге 30 жыл», «Жемқорлықтың алдын ал». Аталған тәрбие сағатта құндылықтың жоғары екендігін, теңгенің маңызы, өзіміздің елдігімізді, бірлігімізді, тәуелсіздігімізді таныту, жемқорлықтың азаюына алдын ала түсіндірме жұмыстарын жүргізу



4. Желтоқсан айында «СПИД ғасыр обасы», «Тарихы мол тәуелсіздік», «Жаңа жыл жарылқа» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. Осы тақырыптар аясында өткізілген шара барысы оқушылардың тәрбие ұғымына көзқарасы, құндылыққа бағытталған тәрбие негізі қалыптасты.

Олимпиада жеңіпаздары

Сонымен қатар қараша – желтоқсан айларында гуманитарлық және жаратылыстану бағыты бойынша пәндік олимпиада өтіп, олимпиададан Жәнібек Азат, Смагулова Камила, Ныгмет Абай жүлделі орындарға ие болды.



5. Қаңтар айында «Имандылық жарасады ұл-қызға», «Дос болайық», «Жемқорлықсыз өмір» деп аталатын тәрбие сағаттары оқушылардың көңілінен шығып дос болудың құпияларын, оған қатысты мысалдар мен , өмірде болған жағдайларды байланыстырып, ойларын ортаға салды, жақсы ат салысқан оқушыларға марапат пен сыйлықтар сыйлықтар табыс етілді.



6. Ақпан айында «Дарабоз-2024», «Әке - асқар тау», «Занды білу –заман талабы», «алғыс айту парызы» тақырыбындағы шараға оқушылар әдеби-сазды музыкалық монтаж ретінде өтті, сынып көшбасшысы атану үшін оқушылар оқу-тәрбие процесіне байланысты сұрақтарға мүдірместен жауап беріп, көшбасшы екендерін дәлелдей түсті.




7. Наурыз айында «Ана-өмірдің шуағы», «Ер жігітке жеті өнер де аз», «Наурыз – жыл басы» тәрбие сағаттары өтіліп оқушылар Аналар құрметіне түрлі өлеңдермен, билермен мерекелік концерт өткізіп, соңында аналар тілектерін айтып, құрметке зор бөлене түсті. Наурыз мерекесіне байланысты салт-дәстүр қойылып, неше түрлі қазақтың ұлттық ойындарынан ойын ойнатылып, наурыз көжеден дәм татты



Балалар кітапханасы жобасы бойынша «Кітабым саған мың алғыс» челленджі түсірілді. Оқушылар кітапханаға кітаптар табыстап , алған білімдері туралы ой бөлісіп, кітап оқу керектігін түсіндіріп ,жеткізіп отырды. Мектебіміздің инста парақшасына салынып отырды.

8. Сәуір айында «Құстар-біздің досымыз», «Ғарыш айлағы», «Ұлттар достығы», «менің әлемім» шарасы өткізілді. Қазақстан әлем елдерімен ынтымақтастықта достықта екендері, және олармен тату-тәтті өмір сүріп жатқандары жөнінде көп мәліметпен танысты



Табиғат тамашалары Құстарға 5ә сынып оқушылары жарыса ұя жасап, оларды тамақтандыру, аялау, баптау керектігі жөнінде қамқорлық танытты, мектеп іліп, бар жағдайларын жасады

9. Мамыр айында «Желбіре жеңіс жалауы», «Білімім Отаныма» деп аталатын тәрбие сағатымен қорытындыланды.



Ата-аналар мектебі жобасы бойынша Ата-аналар жиналысы өткізіліп, оқушылардың жазғы демалысын тиімді пайдалану, Олардың білімі мен сапасы, тәрбие процесінде жүргіліген жұмыстармен таныстырылып, өмір қауіпсіздіктеріне қол қоюмен аяқталды.



<https://www.instagram.com/reel/C3-IQG5oJga/?igsh=ZGhubDVvdnVha2ww>

5 «Ә» сынып жетекшісі: А.Б.Абдиргазиева